

Смаглий Татьяна Ивановна* – педагогика ғылымдарының кандидаты, Педагогика және психология кафедрасының қауымдастырылған профессоры, «А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ, 111100, Қостанай облысы, Тобыл қ., Қазақ көшесі, 15, тел.: 87058017145, e-mail: smaqliy56@mail.ru.

Демисенова Шынар Сапарқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, Педагогика және психология кафедрасының қауымдастырылған профессоры, кафедра меңгерушісі, «А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ, Қазақстан Республикасы, 110000, Қостанай облысы, Қостанай қ., Тәуелсіздік көшесі, 118, тел.: 87783098498, e-mail: Shnar@mail.ru.

Утегенова Бибігүл Мазанқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, Педагогика және психология кафедрасының профессоры, «А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ, Қазақстан Республикасы, 110000, Қостанай облысы, Қостанай қ., Юбилейный ш. а., 22, тел.: 87054546165, e-mail: bibi1960@mail.ru.

Шалгимбекова Кенжегүл Сапышқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, ғылым және коммерцияландыру басқармасының маманы, «А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ, Қазақстан Республикасы, 111100, Қостанай облысы, Тобыл қ., Дорожная к-сі, 57, e-mail: salykovaks@mail.ru, моб. 87076635801.

FTAMP 14.35.07

ӨОЖ 378.1

https://doi.org/10.52269/22266070_2023_3_279

ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНЕ БЕЙІМДЕЛУ ПРОЦЕСІНДЕ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ИНТЕЛЛЕКТІСІН ДАМУ

Турсынбет Г.Т.* – 8D01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасының докторанты, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы.

Шкутина Л.А. – педагогика ғылымдарының докторы, мектепке дейінгі және психологиялық-педагогикалық даярлық кафедрасының профессоры, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы.

Ахметова А.Е. – педагогика ғылымдарының магистрі, мектепке дейінгі және психологиялық-педагогикалық даярлық кафедрасының аға оқытушысы, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы.

Мақаланың өзектілігі практикалық педагог-психологтардың кәсіби дайындығы деңгейіне қазіргі заманның білім беру жүйесінің қоятын жоғарғы талаптарына байланысты болып отыр. Осы тұста негізгі кәсіби білім беру кезеңінде педагог-психологтың кәсіби тұрғыда табысты қалыптасуының индикаторы ретінде білім алушының жоғарғы оқу орнының білім беру үрдісіне бейімделу көрсеткіштерін айта аламыз. Яғни, мақалада болашақ педагог-психологтардың әлеуметтік интеллектін дамыту мәселесі жоғарғы оқу орнының оқыту жүйесіне бейімделу аспектісінде қарастырылған.

Мақаланың мақсаты «әлеуметтік интеллект» және «жоғарғы оқу орнының оқыту жүйесіне бейімделу» ұғымдарының ғылыми мазмұнының мәнін теориялық тұрғыдан түсіну болып табылады, оны шешу келесі міндеттер арқылы жүзеге асырылады: педагогика мен психологиядағы әртүрлі теориялық және қолданбалы тәсілдерді ескере отырып, теориялық талдау, болашақ педагог-психологтың әлеуметтік интеллектісінің құрылымдық компоненттерін бөлу; студенттердің оқу «тобына» және оқу «қызметіне» бейімделу көрсеткіштерін бөлу; болашақ педагог-психологтардың әлеуметтік интеллект көрсеткіштері мен олардың жоғарғы оқу орнының оқыту процесіне бейімделу көрсеткіштері арасындағы корреляциялық байланысты анықтау.

Мақалада, «әлеуметтік интеллект» және «жоғарғы оқу орнының оқыту жүйесіне бейімделу» ұғымдары нақтыланған. Студенттердің оқу «тобына» және оқу «қызметіне» бейімделу көрсеткіштері анықталған. Болашақ педагог-психологтардың әлеуметтік интеллект көрсеткіштері мен олардың жоғарғы оқу орнының оқу процесіне бейімделу көрсеткіштері арасындағы корреляциялық байланыстар анықталған және эмпирикалық әдіс негізінде тексерілген.

Түйінді сөздер: әлеуметтік интеллект, кәсіби оқыту, бейімделу, таным, мінез-құлық, эмоция, оқу тобы, оқу қызметі.

РАЗВИТИЕ СОЦИАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ-ПСИХОЛОГОВ В ПРОЦЕССЕ АДАПТАЦИИ К СИСТЕМЕ ОБУЧЕНИЯ В ВЫСШЕМ УЧЕБНОМ ЗАВЕДЕНИИ

Турсынбет Г.Т.* – докторант образовательной программы 8D01101 – Педагогика и психология, Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, г. Караганда, Республика Казахстан.

Шкутина Л.А. – доктор педагогических наук, профессор кафедры дошкольной и психолого-педагогической подготовки, Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, г. Караганда, Республика Казахстан.

Ахметова А.Е. – магистр педагогических наук, старший преподаватель кафедры дошкольной и психолого-педагогической подготовки, Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, г. Караганда, Республика Казахстан.

Актуальность статьи обусловлена высокими требованиями современной системы образования к уровню профессиональной подготовки практических педагогов-психологов. Здесь в качестве индикатора успешного профессионального становления педагога-психолога в период основного профессионального образования можно назвать показатели адаптации обучающегося к образовательному процессу высшего учебного заведения. То есть в статье рассматривается проблема развития социального интеллекта будущих педагогов-психологов в аспекте адаптации к системе обучения вуза.

Целью статьи является теоретическое осмысление сущности научного содержания понятий «социальный интеллект» и «адаптация к системе обучения вуза», решение которой осуществляется через следующие задачи: теоретический анализ с учетом различных теоретико-прикладных подходов в западной и отечественной педагогике и психологии, определение структурных компонентов социального интеллекта будущих педагогов-психологов; определение показателей социального интеллекта будущих педагогов-психологов и их адаптация к процессу обучения в вузе

В статье уточнены понятия «социальный интеллект» и «адаптация к системе обучения вуза». Определены показатели адаптации студентов к учебной «группе» и учебной «деятельности». Выявлены и проверены корреляционные связи между показателями социального интеллекта будущих педагогов-психологов и показателями их адаптации к учебному процессу вуза на основе эмпирического метода.

Ключевые слова: *социальный интеллект, профессиональное обучение, адаптация, познание, поведение, эмоция, учебная группа, учебная деятельность.*

DEVELOPMENT OF SOCIAL INTELLIGENCE OF FUTURE PEDAGOGICAL-PSYCHOLOGISTS IN THE PROCESS OF ADAPTATION TO THE SYSTEM OF EDUCATION AT THE UNIVERSITY

Tursynbet G.T. – PhD student of the “8D01101 – Pedagogy and psychology” educational program, Karaganda Buketov University, Republic of Kazakhstan.*

Shkutina L.A. – Doctor of Pedagogic Science, Professor of the Department of preschool and psychological-pedagogical training, Karaganda Buketov University, Republic of Kazakhstan.

Akhmetova A.Y. – Master of Pedagogic Sciences, Senior Lecturer of the Department of preschool and psychological-pedagogical training, Karaganda Buketov University, Republic of Kazakhstan.

The relevance of the article is due to the high requirements of the modern education system to the level of professional training of practical teachers-psychologists. Here, as an indicator of the successful professional development of a teacher-psychologist during the period of basic vocational education, one can name the indicators of the student's adaptation to the educational process of a higher educational institution. That is, the article deals with the problem of the development of social intelligence of future teachers-psychologists in the aspect of adaptation to the educational system of the university.

The purpose of the article is a theoretical understanding of the essence of the scientific content of the concepts of «social intelligence» and «adaptation to the university education system», the solution of which is carried out through the following tasks: theoretical analysis taking into account various theoretical and applied approaches in Western and domestic pedagogy and psychology, determination of structural components of social intelligence of future teachers-psychologists; determination of indicators of social intelligence future teachers-psychologists and their adaptation to the learning process at the university

The article clarifies the concepts of «social intelligence» and «adaptation to the university education system». The indicators of students' adaptation to the educational «group» and educational «activity» are determined. Correlations between indicators of social intelligence of future teachers-psychologists and indicators of their adaptation to the educational process of the university on the basis of the empirical method have been identified and verified.

Key words: *social intelligence, vocational training, adaptation, cognition, behavior, emotions, study group, educational activity.*

Кіріспе. Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті білім беру стандартымен белгіленгендей, білім беру мекемелері қазіргі мамандарға балалар мен жасөспірімдердің психологиялық денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету, олардың рухани және шығармашылық әлеуетін дамытуға жағдай жасау сияқты өзекті талаптарды жүктейді. Осыған байланысты практикалық педагог-психологтың кәсіби дайындығының сапасын арттыру мәселесі ерекше өзекті болып отыр.

Жоғары оқу орнында білім алу жеке тұлғаның кәсіби тұрғыда қалыптасуының маңызды кезеңдерінің бірі. Маманның кәсіби дайындығы барысында теориялық білім, практикалық дағдылар жүйесі игеріліп, болашақ мамандыққа деген көзқарас қалыптасады. Сапалы кәсіби дайындық – болашақ маманның жетістігінің маңызды факторы. Негізгі кәсіби білім беру кезеңінде педагог-

психологтың кәсіби қалыптасуының табыстылығының индикаторы жоғарғы оқу орнының білім беру үрдісіне бейімделу көрсеткіштері болып табылады.

Болашақ педагог-психологтардың жоғары оқу орнындағы оқу қызметіне бейімделу деңгейін арттыру арнайы қабілеттер мен кәсіби маңызды қасиеттерді дамыту арқылы мүмкін болады. Педагог-психологтың кәсіби функцияларын жүзеге асырудың сәттілігін алдын-ала анықтайтын қабілет-әлеуметтік интеллект.

Әлеуметтік интеллект – көп компонентті қабілет. Әлеуметтік интеллекттің негізінде мінез-құлық пен қарым-қатынасты болжау арқылы адамның жай-күйін барабар түсіне алу қабілеті жатыр. Эмоционалды саланың ерекшеліктерін жіктей алу, балалар мен жасөспірімдер іс-әрекеттерінің себептері мен әлеуметтік контексте байқалатын мінез-құлықтарын қабылдай алу және тани алу, эмпатия және өзін-өзі реттей алу, сонымен қатар тиімді әлеуметтік өзара әрекеттесе алу қабілеттері педагог-психологтың кәсіби міндеттерін сәтті жүзеге асыруын қамтамасыз етеді. Ғылыми әдебиеттерде бұл қабілеттер әлеуметтік интеллект ұғымында көрініс табады.

Әлеуметтік интеллект болашақ педагог-психологтың жоғарғы оқу орынның білім беру үрдісіне бейімделуінің табыстылығына әсер ететін психологиялық факторлардың бірі болып табылады.

Әлеуметтік интеллект ұзақ уақыт бойы ғалымдардың назарын өзіне аудартып отыр. Әлеуметтік интеллект түсінігіне ғалымдардың әртүрлі көзқарастары бар. Осылайша, Э.Торндайк, Г.Айзенк, Р.Стернберг, Дж.Гилфорд, Х.Гарднер әлеуметтік интеллектті интеллектуалдық қабілеттердің бір түрі ретінде қарастырады [1, б. 689].

Н.Кантор, Дж.Кильстром, М.Форд, Р.Селман, О.Б.Чеснокова, В.Н.Дружинин әлеуметтік интеллектті әлеуметтік саланы тану облысына жататын танымдық қабілет ретінде анықтайды. Дж.Гонд, М.Квэйхаген, К.Скайи, Е.О.Смирнова және Е.В.Калягина әлеуметтік интеллектті коммуникативті, әлеуметтік және өмірлік құзіреттілік ретінде анықтайды [2, б. 928].

Соңғы онжылдықтағы ғылыми зерттеулерде әлеуметтік интеллект педагогтың (В.А.Генкина, М.Л.Лукичева) және психологтың (А.В.Берклунд; Э.Ф.Баширов, Е.С.Саутина) кәсіби функцияларын жүзеге асырудың сәттілігін анықтайтын фактор ретінде қарастырылады. Студенттердің әлеуметтік интеллектісін дамыту мәселесі А.В.Лунева, А.М.Молокостова, Е.С.Саутина, М.Л.Тарасенконың еңбектерінде зерттелді. С.А.Патуткова әлеуметтік интеллекттің жеке тұлғаның бейімделуіне әсерін зерттеген болатын [3, б. 240].

Жоғарыда қарастырылған зерттеулерді зерделей отырып, жоғарғы оқу орнының оқыту жүйесіне бейімделу процесінде болашақ педагог-психологтардың әлеуметтік интеллектісін дамыту мәселесі арнайы қарастырылмағанын айқындадық.

Қарастырылып отырған мәселенің өзектілігін алға қоя отырып, зерттеу жұмысымыздың міндеттерін бөлдік, олар: педагогика мен психологиядағы әртүрлі теориялық және қолданбалы тәсілдерді ескере отырып, теориялық талдау, болашақ педагог-психологтың әлеуметтік интеллектісінің құрылымдық компоненттерін бөлу; студенттердің оқу «тобына» және оқу «қызметіне» бейімделу көрсеткіштерін бөлу; болашақ педагог-психологтардың әлеуметтік интеллект көрсеткіштері мен олардың жоғарғы оқу орнының оқыту процессіне бейімделу көрсеткіштері арасындағы корреляциялық байланысты анықтау.

Зерттеу жұмысымыздың теориялық маңыздылығы – болашақ педагог-психологтың әлеуметтік интеллектісінің құрылымдық компоненттерін бөлу және студенттердің оқу «тобына» және оқу «қызметіне» бейімделу көрсеткіштерін бөлу болып табылады. Сондай-ақ, зерттеу жұмысымыздың тәжірибелік маңыздылығы – болашақ педагог-психологтардың әлеуметтік интеллект көрсеткіштері мен олардың жоғарғы оқу орнының оқыту процессіне бейімделу көрсеткіштері арасындағы корреляциялық байланысты жекелеме әдістемелер негізінде анықтау.

Негізгі бөлім. Әлеуметтік интеллект ұғымын алғаш рет 1920 жылы американдық психолог Э.Торндайк психологияға енгізді және теориялық тұрғыдан негіздеді. Ғалымның жарияланымдарында бұл құбылыс басқа адамдарды түсінудің жалпы қабілеті ретінде сипатталады. Сонымен қатар, Э.Торндайк субъектінің басқалармен тұлғааралық қарым-қатынасында көрегендіктің маңыздылығын және әлеуметтік интеллект деңгейі жоғары адамға басқа адамдармен жақсы тіл табысу оңайға түсетінін бөліп көрсетеді [4, б. 85].

Өзінің эмпирикалық зерттеулерінің нәтижелерін ескере отырып, Э.Торндайк (Э.Торндайк, 1920) интеллекттің үш түрін анықтайды, атап айтқанда:

1) абстрактілі – адамның дерексіз ауызша (мысалы, математикалық) символдарды түсіну қабілетіне тікелей жауап беретін және осы түсінікке сүйене отырып, осы таңбалармен белгілі бір қарапайым немесе күрделі әрекеттерді орындауды білдіретін интеллект;

2) нақтыланған – материалдық әлемнің заттары мен құбылыстарын түсінуге және сол заттарға немесе құбылыстарға қатысты белгілі бір әрекеттерді орындауға мүмкіндік беретін интеллект;

3) әлеуметтік интеллект басқа адамдарды түсінудің және осы негізде олармен өзара әрекеттесудің жалпы қабілеті ретінде [5, б. 7].

Дж.Гилфордтың (Дж.Гилфорд, 1965) пікірінше, әлеуметтік интеллект – бұл адамның басқа адамдардың мінез-құлқын тани алу қабілеті. Сонымен бірге ғалым әлеуметтік интеллекттің алты факторлы моделін ұсынады. Бұл факторлар:

1) басқа адамдардың мінез-құлық элементтерін жалпы мінез-құлықтың вербалды немесе вербалды емес әрекетінен бөлу немесе оқшаулай алу қабілеті ретінде;

2) жеке тұлға мінез-құлқының әртүрлі аспектілерін жалпы ағымдағы, немесе экспрессивті, немесе ситуациялық мінез-құлық ақпаратындағы жалпы қасиеттерді, бөлшектер мен сипаттамаларды тану қабілеті ретінде;

3) адамдардың мінез-құлқы туралы мағыналы ақпарат элементтері арасындағы байланыстарды түсіну және орнатудың жалпы қабілеті ретінде диалогтік өзара әрекеттесу субъектілерінің мінез-құлқындағы қарым-қатынастарды тану;

4) адамдардың өзара әрекеттесуінің тұтас жағдайларын дамыту логикасын түсіну және осы жағдайларда олардың мінез-құлқының терең мағынасын түсіну қабілеті ретінде диалогтік өзара әрекеттесу субъектілерінің мінез-құлқының жалпы қасиеттерін тану;

5) мінез-құлықтың түрленуін тану әр түрлі ситуациялық контексте адамдардың вербалды және вербалды емес мінез-құлқының мағыналарының түрленуін түсіну қабілеті ретінде;

6) мінез-құлық нәтижелерін тану олардың салдарын субъект иелігіндегі ақпарат негізінде алдын ала болжай алу қабілеті ретінде [6, б. 196].

Жоғарыда қарастырылған теориялық талдау негізінде, болашақ педагог-психологтардың әлеуметтік интеллект компоненттерінің мазмұнын нақтыладық:

- эмоционалды компонент эмпатия қабілетінің келесі ұтымды қабілеттерін қамтиды: эмпатияның рационалды және эмоционалды каналдары, эмпатияға әсер етуші тұғырлар;

- танымдық компонент мыналарды қамтиды:

а) әлеуметтік таным: оқиғалардың даму реттілігін түсіне алу; жағдайды егжей-тегжейлі талдай алу, оның негізгі сәттерін табу; әртүрлі ситуациялық мән-мәтіндердегі ұқсас вербалды мәнінің өзгеруін түсіну; өзара әрекеттесу жағдайларының даму логикасын, осы жағдайлардағы адамдардың мінез-құлқының мағынасын түсіне алу; адамдардың жай-күйін, сезімдерін, ниеттерін олардың вербалды емес көріністерін дұрыс бағалай алу сияқты қабілеттерді қамтиды;

б) әлеуметтік болжау: әлеуметтік таным барысында алынған ақпаратқа сүйене отырып, мінез-құлықтың себеп-салдарын алдын-ала болжай алу қабілеті;

- мінез-құлық компоненті («әлеуметтік өзара әрекеттесудің тиімділігі») мыналарды қамтиды: мінез-құлықтың нормативтілігі, күнделікті мәселелерді шешудегі тиімділік, төтенше жағдайлардан оңтайлы шығу жолдарын таба білу, практикалық мәселелерді шешуде стандартты емес тәсілдерді қолдану, топтық өзара әрекеттесуге бағдарлану, өзін-өзі бақылау.

Соңғы онжылдықтағы зерттеулерде әлеуметтік интеллект әлеуметтік кәсіптер өкілдерінің кәсіби қызметінің сәттілігін анықтайтын қабілет ретінде қарастырылды. Психологиялық әдебиеттерде «әлеуметтік интеллект» терминін белсенді қолданудың басталуымен бұл санат профессиограммаларда жиі кездесе бастады, онда ол кәсіби маңызды қасиеттердің бірі ретінде белгіленеді.

Негізгі кәсіптік білім беру кезеңі жеке тұлғаның кәсіби қалыптасу кезеңдерінің бірі болып табылады (Т.В.Кудрявцев, Е.А.Климов, А.К.Маркова, Дж.Сьюпер, Э.Ф.Зеер және т.б.). И.В.Дуброви-наның (И.В.Дубровина, 2003) пікірінше, бұл кезең педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігі мен мәдениетінің іргетасы болып табылады. Студенттің кәсіби қалыптасуының сәттілігінің негізгі индикаторлары ретінде оның оқу және кәсіби қызметке бейімделу критерийлерін айтуға болады [7, б. 114].

Жоғарғы оқу орнының оқыту жүйесіне бейімделу оқу тобына және оқу қызметіне бейімделуді көздейді, сондай-ақ, студенттің болашақ мамандығын белсенді меңгеруін, студенттік топ мүшелерінің өзара әрекеттесуі барысында кәсіби білімді, іскерлікті және дағдыларды қалыптастыруын, сондай-ақ алған кәсіби арнасында өзін-өзі дамыту қажеттілігін білдіреді [8, б. 145].

Бейімделу процестерінің екі жақты сипаты туралы ережеге сәйкес, сондай-ақ жеке тұлғаның субъективті позициясын қабылдау негізінде болашақ мамандыққа бейімделу көрсеткіштерін: оқу тобына және оқу қызметіне бейімделу деп екі топқа бөлуді заңды деп қарастырдық.

1. Оқу «тобына» бейімделу көрсеткіштері:

а) студенттің социометриялық мәртебесі;

б) қоғамдық өмірге қатысу (сыртқы көрсеткіштер);

в) топ аралық қарым-қатынастағы эмоционалды жайлылық (ішкі көрсеткіштер);

2. Оқу «қызметіне» бейімделу көрсеткіштері:

а) академиялық үлгерім, аудиториялық сабақтардағы белсенділік (сыртқы көрсеткіштер);

б) оқу мотивациясы, оқу іс-әрекетіндегі эмоционалды жайлылық (ішкі көрсеткіштер).

Оқу және кәсіби қызметке бейімделу, оқытудың жаңа жағдайларына бейімделуден басқа, мамандыққа кірігу процесін де қамтиды. Құзыреттілік тәсіліне сәйкес, кәсіби оқытудың нәтижесі маманның құзыреттерінің белгілі бір жиынтығы болып табылады [9, б. 25].

Болашақ педагог-психолог бірқатар жалпы мәдени, кәсіби құзыреттерге, сондай-ақ білім беруді психологиялық-педагогикалық қолдау саласындағы құзыреттер жиынтығына ие болуы керек. Осы құзыреттердің басым көпшілігі әлеуметтік интеллектпен барабар ұштасып отыр. Осылайша, қалыптасқан әлеуметтік интеллект педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігінің негізінде жатыр және негізгі кәсіптік оқыту кезеңінде кәсіби қалыптасудың табыстылығын анықтайды, бұл жоғарғы оқу орнының оқыту жүйесіне бейімделу көрсеткіштерінде көрініс табады [10, б. 46].

Яғни, әлеуметтік интеллектті мақсатты дамыту жалпы айтқанда, әлеуметтік-психологиялық бейімделу процесінің сәттілігін және атап айтқанда оқу және кәсіби қызметке бейімделуді анықтайтын ішкі өзгерістер қатарына жатқызуға болады.

Болашақ педагог-психологтардың жоғарғы оқу орнының оқыту жүйесіне бейімделу процесінде әлеуметтік интеллекттің рөлін анықтау студенттерді жоғары және төмен бейімделу көрсеткіштерімен салыстыруды, әлеуметтік интеллект көрсеткіштері бойынша мәндердегі статистикалық маңызды айырмашылықтарды анықтауды, сондай-ақ бейімделу көрсеткіштері мен әлеуметтік интеллект көрсеткіштері арасындағы корреляциялық байланысты анықтауды қамтиды.

Бейімделу көрсеткіштері мен әлеуметтік интеллект көрсеткіштері арасындағы корреляциялық байланысты анықтау үшін біз үш компонентте біріктірілген әлеуметтік интеллект деңгейінің алты көрсеткішін және бейімделу деңгейінің алты мәнін анықтадық. Әрбір мән әлеуметтік интеллекттің компоненттеріне сәйкесінше біріктірілді. Танымдық, эмоционалды және мінез-құлық компоненттері деп бөлінген әр компонентке сай өзіндік әдістемелер қолданылды:

1. Г.Я. Розеннің «Вербалды-вербалды емес құзыреттілік деңгейін анықтау» әдістемесі
2. В.В. Бойконың эмпатиялық қабілеттер деңгейін диагностикалау әдістемесі
3. Б.А. Федоришин ұсынған коммуникативтік және ұйымдастырушылық бейімділіктердің (КҰБ) даму деңгейін анықтау әдістемесі.

Студенттердің жоғары оқу орнының оқыту процессіне бейімделу деңгейлерін анықтау мақсатында К.Роджерс пен Р.Даймондтың әлеуметтік-психологиялық бейімделуді диагностикалау әдістемесі қолданылды.

Есептеулер нәтижесінде біз әлеуметтік интеллекттің үш компонентінің кейбір көрсеткіштері мен бейімделу көрсеткіштері арасындағы корреляциялық байланысты ($p < 0,01$ маңыздылық деңгейі) анықтадық. Нәтижелер 1 кестеде келтірілген.

Кесте 1 – Корреляциялық байланыс көрсеткіштері

	Әлеуметтік интеллект көрсеткіштері	Әлеуметтік интеллекттің даму деңгейі бойынша айнымалылар	Бейімделу көрсеткіштері	Бейімделу деңгейлері бойынша айнымалылар	Маңыздылық деңгейі
Танымдық компонент	Вербалды емес ақпаратты түсіну	223	Өзін-өзі қабылдау	215	$p \leq 0,05$
	Вербалды ақпаратты түсіну	257	Өзгелерді қабылдау	230	$p \leq 0,01$
Эмоционалды компонент	Эмпатиялық қабілеттер	240	Эмоционалды жайлылық	228	$p \leq 0,01$
	Сезімталдылық	294	Ішкі сезім	281	$p \leq 0,05$
Мінез-құлық компоненті	Өзін-өзі реттеу	245	Бейімделгіштік	233	$p \leq 0,05$
	Қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті	211	Үстемдікке ұмтылу	200	$p \leq 0,01$

Осылайша, жүргізілген есептеулерге сүйене отырып, біз жоғарғы оқу орнының оқыту жүйесіне бейімделуі жоғары студенттер – өздерінің эмоционалдық жай-күйіне ұқыпты қарауымен, басқа адамдардың эмоционалдық жай-күйін тани білуімен және оған адекватты жауап бере алуымен, әлеуметтік жағдайларды талдай білуімен, өзін-өзі бақылауымен (өзінің эмоциялық жай-күйін жағдайдың талаптарына сәйкес келтіру), дамыған эмпатиялық қабілеттерімен (атап айтқанда, өзінің: басқа адамды тануға және басқа адаммен сәйкестендіру қабілетіне назар аудару), жалпы топтық нормаларды саналы түрде сақтауымен және әлеуметтік байланыста табандылық танытуларымен ерекшеленетінін анықтадық.

Қорытынды. Біздің зерттеп отырған мәселемізді теориялық талдау және эмпирикалық тексеру негізінде біз келесі негізгі қорытындыларды анықтай аламыз:

1. Біз болашақ педагог-психологтардың әлеуметтік интеллект компоненттерінің мазмұнын нақтыладық:

- эмоционалды компонент эмпатия қабілетінің келесі ұтымды қабілеттерін қамтиды: эмпатияның рационалды және эмоционалды каналдары, эмпатияға әсер етуші тұғырлар;

- танымдық компонент мыналарды қамтиды:

а) әлеуметтік таным: оқиғалардың даму реттілігін түсіне алу; жағдайды егжей-тегжейлі талдай алу, оның негізгі сәттерін табу; әртүрлі ситуациялық мән-мәтіндердегі ұқсас вербалды мәнінің өзгеруін түсіну; өзара әрекеттесу жағдайларының даму логикасын, осы жағдайлардағы адамдардың мінез-құлқының мағынасын түсіне алу; адамдардың жай-күйін, сезімдерін, ниеттерін олардың вербалды емес көріністерін дұрыс бағалай алу сияқты қабілеттерді қамтиды;

б) әлеуметтік болжау: әлеуметтік таным барысында алынған ақпаратқа сүйене отырып, мінез-құлықтың себеп-салдарын алдын-ала болжай алу қабілеті;

- мінез-құлық компоненті («әлеуметтік өзара әрекеттесудің тиімділігі») мыналарды қамтиды: мінез-құлықтың нормативтілігі, күнделікті мәселелерді шешудегі тиімділік, төтенше жағдайлардан оңтайлы шығу жолдарын таба білу, практикалық мәселелерді шешуде стандартты емес тәсілдерді қолдану, топтық өзара әрекеттесуге бағдарлану, өзін-өзі бақылау.

2. Оқу «тобына» және оқу «қызметіне» бейімделу көрсеткіштерін бөліп, қарастырдық:

1. Оқу «тобына» жататындар

а) студенттің социометриялық мәртебесі;

б) қоғамдық өмірге қатысу (сыртқы көрсеткіштер);

в) топ аралық қарым-қатынастағы эмоционалды жайлылық (ішкі көрсеткіштер);

2. Оқу «қызметіне» жататындар:

а) академиялық үлгерім, аудиториялық сабақтардағы белсенділік (сыртқы көрсеткіштер);

б) оқу мотивациясы, оқу іс-әрекетіндегі эмоционалды жайлылық (ішкі көрсеткіштер).

3. Болашақ педагог-психологтардың әлеуметтік интеллект көрсеткіштері мен олардың жоғарғы оқу орнының оқыту жүйесіне бейімделу көрсеткіштері арасындағы анықталған корреляциялық өзара байланыс оқу іс-әрекетіне әр түрлі дамытушы сабақтарды енгізу – оқу іс-әрекетінде эмоционалды жайлылық деңгейін арттырады, оқу мотивациясын және мамандық алуға бағытталуын күшейтеді, бұл студенттердің сабақтардағы белсенділігі мен академиялық үлгерімін арттырады деп айтуға негіз береді.

Алынған нәтижелерге сүйене отырып, әлеуметтік интеллектті дамыту бойынша мақсатты жұмыс болашақ педагог-психологтардың жоғарғы оқу орнының оқыту жүйесіне әлеуметтік-психологиялық бейімделуін оңтайландыру жолдарының бірі болып табылады деп қорытынды жасағымыз келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. **Herzig A., Lorini E., Pearce D. Social intelligence** [Text] / A. Herzig, E. Lorini, D. Pearce //AI & SOCIETY. – 2019. – №34. – P. 689-689. <https://doi.org/10.1007/s00146-017-0782-8>.

2. **Rezaei, A., Mousanezhad Jeddi, E. Relationship between wisdom, perceived control of internal states, perceived stress, social intelligence, information processing styles and life satisfaction among college students** [Text] / A. Rezaei, E. Mousanezhad Jeddi // Current Psychology. – 2020. – №. 3. – P. 927-933. <https://doi.org/10.1007/s12144-018-9804-z>.

3. **Uygun K., Aribas B. B. Examining the Relationship between Social Intelligence Levels and Communication Skills of Prospective Social Studies Teachers** [Text] / K. Uygun, B.B. Aribas //Educational policy analysis and strategic research. – 2020. – №. 1. – P. 232-252.

4. **Harrysson M., Metayer E., Sarrazin H. How 'social intelligence' can guide decisions** [Text] / M. Harrysson, E. Metayer, H. Sarrazin //McKinsey Quarterly. – 2012. – №. 1. – P. 81-89.

5. **Ismail, A. A., Sulaiman, T., Roslan, S. Models of relationship between emotional, spiritual, physical and social intelligence, resilience and burnout among high school teachers** [Text] / A. A. Ismail, T. Sulaiman, S. Roslan //Universal Journal of Educational Research. – 2020. – №. 1A. – P. 1-7.

6. **Ford, M.E., Tisak, M.S. A further search for social intelligence** [Text] / M.E. Ford, M.S. Tisak //Journal of Educational Psychology. – 1983. – №. 2. – P. 196. <https://doi.org/10.1037/0022-0663.75.2.196>

7. **Brown, M.I. The social shapes test: A new measure of social intelligence, mentalizing, and theory of mind** [Text] / M.I. Brown //Personality and Individual Differences. – 2019. – P. 107-117. <https://doi.org/10.1016/j.paid.2019.01.035>.

8. **Demir, Ö., Doganay, A. An Investigation of Metacognition, Self-Regulation and Social Intelligence Scales' Level of Predicting Pre-Service Teachers' Lifelong Learning Trends** [Text] / Ö. Demir, A. Doganay //International Journal of Progressive Education. – 2019. – №. 5. – P. 131-148. <https://doi.org/10.29329/ijpe.2019.212.10>.

9. Ryabov, V.V. **Modern study of student's social adaptation phenomenon in large university educational complexes** [Text] / V.V. Ryabov // *EurAsian Journal of BioSciences*. – 2019. – №. 2. – P. 23-28.
10. Lu, P. **Individual behaviors, social learning, and swarm intelligence: Real case and counterfactuals** [Text] / P. Lu // *Expert Systems with Applications*. – 2022. – P. 117878. <https://doi.org/10.1016/j.eswa.2022.117878>.

REFERENCES:

1. Herzig A., Lorini E., Pearce D. **Social intelligence**. *AI & SOCIETY*, 2019, no.34, pp. 689-689. <https://doi.org/10.1007/s00146-017-0782-8>.
2. Rezaei A., Mousanezhad Jeedi E. **Relationship between wisdom, perceived control of internal states, perceived stress, social intelligence, information processing styles and life satisfaction among college students**. *Current Psychology*, 2020, no.3, pp. 927-933. <https://doi.org/10.1007/s12144-018-9804-z>.
3. Uygun K., Aribas B.B. **Examining the Relationship between Social Intelligence Levels and Communication Skills of Prospective Social Studies Teachers**. *Educational policy analysis and strategic research*, 2020, no.1, pp. 232-252.
4. Harrysson M., Metayer E., Sarrazin H. **How 'social intelligence' can guide decisions**. *McKinsey Quarterly*, 2012, no. 1, pp. 81-89.
5. Ismail A.A., Sulaiman T., Roslan S. **Models of relationship between emotional, spiritual, physical and social intelligence, resilience and burnout among high school teachers**. *Universal Journal of Educational Research*, 2020, no. 1A, pp. 1-7.
6. Ford M.E., Tisak M.S. **A further search for social intelligence**. *Journal of Educational Psychology*, 1983, no.2, 196 p. <https://doi.org/10.1037/0022-0663.75.2.196>
7. Brown M.I. **The social shapes test: A new measure of social intelligence, mentalizing, and theory of mind**. *Personality and Individual Differences*, 2019, pp. 107-117. <https://doi.org/10.1016/j.paid.2019.01.035>.
8. Demir Ö., Doganay A. **An Investigation of Metacognition, Self-Regulation and Social Intelligence Scales' Level of Predicting Pre-Service Teachers' Lifelong Learning Trends**. *International Journal of Progressive Education*, 2019, no.5, pp. 131-148. <https://doi.org/10.29329/ijpe.2019.212.10>.
9. Ryabov V.V. **Modern study of student's social adaptation phenomenon in large university educational complexes**. *EurAsian Journal of BioSciences*, 2019, no. 2, pp. 23-28
10. Lu P. **Individual behaviors, social learning, and swarm intelligence: Real case and counterfactuals**. *Expert Systems with Applications*, 2022, pp. 117878. <https://doi.org/10.1016/j.eswa.2022.117878>.

Авторлар туралы мәліметтер:

Турсынбет Гулжан Темірқызы – 8D01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасының докторанты, мектепке дейінгі және психологиялық-педагогикалық даярлық кафедрасы, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан Республикасы, 100028, Қарағанды қ., Университетская көшесі, 28, тел.: 87058292127, e-mail: tursynbetg@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-1427-0111>.

Шкутина Лариса Арнольдовна – педагогика ғылымдарының докторы, мектепке дейінгі және психологиялық-педагогикалық даярлық кафедрасының профессоры, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан Республикасы, 100028, Қарағанды қ., Университетская көшесі, 28, тел.: 87013955493, e-mail: 1arlarisa@yandex.ru, <https://orcid.org/0000-0002-9370-2946>.

Ахметова Айнура Ермековна – педагогика ғылымдарының магистрі, мектепке дейінгі және психологиялық-педагогикалық даярлық кафедрасының аға оқытушысы, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан Республикасы, 100028, Қарағанды қ., Университетская көшесі, 28, тел.: 87083276970, e-mail: ainyr4ik_baikanova@mail.ru.

Турсынбет Гулжан Темірқызы – докторант образовательной программы 8D01101 – Педагогика и психология кафедры дошкольной и психолого-педагогической подготовки, Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, Республика Казахстан, 100028, г. Караганда, улица Университетская, 28, тел.: 87058292127, e-mail: tursynbetg@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-1427-0111>.

Шкутина Лариса Арнольдовна – доктор педагогических наук, профессор кафедры дошкольной и психолого-педагогической подготовки, Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, Республика Казахстан, 100028, г. Караганда, улица Университетская, 28, тел.: 87013955493, e-mail: 1arlarisa@yandex.ru, <https://orcid.org/0000-0002-9370-2946>.

Ахметова Айнура Ермековна – магистр педагогических наук, старший преподаватель кафедры дошкольной и психолого-педагогической подготовки, Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, Республика Казахстан, 100028, г. Караганда, улица Университетская, 28, тел.: 87083276970, e-mail: ainyr4ik_baikenova@mail.ru.

Tursynbet Gulzhan Temirkyzy – PhD student of the “8D01101 – Pedagogy and Psychology” educational program, Department of preschool and psychological and pedagogical training, Karaganda Buketov University, Republic of Kazakhstan, 100028 Karaganda, 28 Universitetskaya Str., tel.: 87058292127, e-mail: tursynbetg@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-1427-0111>.

Shkutina Larissa Arnoldovna – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor of the Department of preschool and psychological and pedagogical training, Karaganda Buketov University, Republic of Kazakhstan, 100028 Karaganda, 28 Universitetskaya Str., tel.: 87013955493, e-mail: 1arlarisa@yandex.ru, <https://orcid.org/0000-0002-9370-2946>.

Akhmetova Ainura Yermekovna – Master of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer of the Department of preschool and psychological and pedagogical training, Karaganda Buketov University, Republic of Kazakhstan, 100028 Karaganda, 28 Universitetskaya Str., tel.: 87083276970, e-mail: ainyr4ik_baikenova@mail.ru.

УДК 378.2

МРНТИ 17.37.27

https://doi.org/10.52269/22266070_2023_3_286

НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ КОНСАЛТИНГ КАК ИНСТРУМЕНТ СОПРОВОЖДЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ ПЕДАГОГОВ: ОПЫТ, ПРОБЛЕМЫ И НАПРАВЛЕНИЯ

Утегенова Б.М.* – кандидат педагогических наук, доцент, профессор кафедры педагогики и психологии, НАО «Костанайский региональный университет им. А.Байтурсынова», г. Костанай, Республика Казахстан.

Смаглий Т.И. – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры педагогики и психологии, НАО «Костанайский региональный университет им. А.Байтурсынова», г. Костанай, Республика Казахстан.

Демисенова Ш.С. – кандидат педагогических наук, заведующая кафедрой педагогики и психологии, НАО «Костанайский региональный университет им. А.Байтурсынова», г. Костанай, Республика Казахстан.

Шалгимбекова К.С. – кандидат педагогических наук, специалист Управления науки и коммерциализации, НАО «Костанайский региональный университет им. А.Байтурсынова», г. Костанай, Республика Казахстан.

В статье дано описание результатов исследования научно-педагогического консалтинга для развития профессионализма и быстрой адаптации молодых учителей к образовательной практике в школе. Авторами рассматриваются концептуальные подходы к пониманию профессионально-педагогического сопровождения, выстроенного на интеграции теории и практики, адаптированности специальной программы научно-педагогического консалтинга к запросам и потребностям молодых учителей школ. В статье дана характеристика специфики консалтинга в педагогической среде школы и взаимодействие в контексте консалтинговой деятельности с ведущими преподавателями педагогического института. В ходе исследовательской работы были определены сущность, основные понятия и направления научно-педагогического консалтинга. Педагогическое и методическое сопровождение выражается в форме консалтинга, как инновационного инструмента. В статье рассматриваются основные понятие по консалтингу, как системного управления образовательной деятельностью.

Цель исследования состояла в теоретическом обосновании и экспериментальной проверке эффективности организационно-педагогических условий консалтинговой поддержки и сопровождения молодых педагогов. Выбор в качестве целевой аудитории молодых учителей обусловлен тем, что в первые годы профессиональной деятельности они испытывают затруднения, совершают ошибки и им нужен опытный наставник и специальная форма сопровождения и поддержки, каковым может стать научно-педагогический консалтинг. Научная новизна исследования состоит в том, что выявленные организационно-педагогические условия обеспечат мотивированность и стимулирование самообразования, профессионального роста, инновационного мышления и креативности в решении педагогических задач. Полученные в ходе исследования результаты могут быть использованы в практической деятельности молодых педагогов.